

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ.

Джалимов Н.А.

Казахские национальные игры.

Kazakh national games.

Бүгінгі таңда Қазақ елі тәуелсіз мемлекет аталып, өзінің жоғын жоқтап, елдігін, халықтығының белгісі, биік мәртебесі болып табылатын рухани байлығы - тілінің, тарихы мен мәдениетінің ауыр тағдырын қайта қарауға мүмкіндік алып отыр. Олай дейтін себебіміз, талай зобалаңды басынан кешіріп, «мың өліп, мың тірілген» халық «мен қазақпын» деуден жасқанатын «ұлтшыл» деген шоқ сөздің байлануынан үркіп, көп жағдайда өзінің ұлттық дәстүрін, салтын, қалыптасқан әдет-ғұрпын мәпелеуден именіп, сескенетін. Бұл – ондаған жылдар бойы жүргізіліп келген ұшқары, шетқақпай саясаттың нәтижесі. Халқымыздың тамырын тереңге жайған дәстүрінен, тіршілік ерекшелігінен нәр алып, өзіндік сипатымен ел көңілінен шыққан рухани қазыналардың бірі саналатын ұлттық ойын-сауық түрлері мен сан алуан балалар ойындары да ұмыт бола бастаған еді. Балалар ойындарының көбі еленбей, мән мағынасы бұрмаланып көрсетілді. Мәселен, бүкіл Қазақстан балаларының жаппай әуестеніп, ден қоя ойнайтын ойындарының қатарына жататыны- «Асық ойындары». Бірақ осы ойын бізде күні бүгінге дейін өз орнын таба алмай келсе Австралияда ұлттық болмыстың бір қыры ретінде қадірленіп, түгелдей ойналатын көрінеді. Біз болсақ: «Асық ойнаған азар...»-деп, ескіліктің, феодализмнің қалдығы санап, балаларымыздың өз салтымыздан үркітіп келдік, көптеген ойындардан аулақ ұстадық.

Міне, сондықтан да сіздерге ұсынылып отырған балалар ойындарының басын құраған бұл мақаламыз, тағы да бір ақтандағымызды ашып көрсетіп, орнын толтыруға жасалған әрекет деп білеміз. Қай халықтың болмасын, ойын-сауығы болады, ол оның жан дүниесінің көрінісі саналады, демек, іргелі ел екенбіз, өзіміздің әдет ғұрпымызды, салт-санымызды, дәстүрімізді бағалап, қадірлей біліуіміз қажет. Жалпы ойының қандай түрі болмасын, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, отырады. Егер осындай құбылыс ірге теппесе, ол ойын керексіз болып, тіршілік айналымынан шығып қалады. Яғни, халық ойындары тіршілік қажетінен туады да, психологиялық жағынан денсаулық сақтау, тірлік элементі ретінде өркенін жаяды.

Осы тұрғыдан алғанда, бұл мақаламыз, жасөспірімдердің әсіресе мектеп жасындағы балалардың, көңілді демалуына, шынығып, бұла болып өсуіне елеулі көмек етеді деген ниеттеміз. Мақалаға қазақ ұлт ойындарымен қатар, ой – таным жаттығуларын, түрлі атракциондар мен эстафета-сайыстар, викториналар, т.б. ойын түрлері енгізілген.

Мұндағы көптеген ойындар балалар денесін шынықтырып, икемділігін, сергектігін күш-қабілетін толықтыратын болса, мақал-мәтелдер, викториналар мен жұмбақтар шешу – ой сергетіп, білімін байта түсуге сетігін тигізеді. Сондай-ақ, қар, мұз үстіне, суда ойнайтын ойындар да өз алдында бір төбе.

Жалпы, ойының қандай түрі болмасын, жасөспірімдердің сан алуан мәдени, рухани талап-тілектеріне, күш-қайратының тасуына бағытталуға тиіс,

мақалада осы жағдай да ескерілген. Ел арасында ойын-сауықтардың сандаған түрі бар. Бірақ кең-байтақ жеріміз –қазақ елінде осы ойындардың, жер шалғайлығына байланысты, әр түрлі ойналуы да ықтимал. Ал, бұл ойнаушылардың шығармашылық шарықтауына кең оқпал етеді демек, ойынды әркім әр қилы етіп ұйымдастыра бере алады. Ең бастысы, ойынды мазмұнды, қызықты ету, тәнге де, ой-санаға да лайықты, пайдалы ету- ойнаушылардың өз қолында.

Педагогика ғылымында дене тәрбиесінің халықтық түрліше құралдарын қолдану проблемеларына арналған ғылыми-практикалық тұрғыдан негізделген ұлттық халықтық ойындарды пайдалану арқасында білім берудің қазіргі жүесінде оқу-тәрбие процессінің тиімділігін артыру мүмкін екендігін көрсетеді.[1]

Халқымыз материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға бай. Солардың қай-қайсысы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған. Сондай қомақты дүниелер қатарына ұлт ойындары да жатады.

Бала өзін қоршаған дүние туралы алғашқы түсінікті ойын үстінде алады, ол дүние сырларын түйсініп аңғарады, тәжірибе жинақтайды. Ұлт ойындары ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгі байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы мол. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәулсіз, өзін еркін ұстайды, ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы. Тәрбиенің баға жетпес құралы ретінде ойынның айтарлықтай рөлі бар. Ойын баланың алдыннан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. Ойын дегеніміз тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялымен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. «Бала ойынмен өседі» – деп халық бекер айтпаған.

Ұлттық ойындардың білімдік маңызы қозғалыс қасиеттерінің дамуымен бір мезгілде қозғалыс дағдыларының баянды етеліп, жетілдірілуінде жатыр. Ойындарды күнделікті іс жүзінде пайдалану ұлттық ойындарда түрліше қозғалыстар бар екендігін, өсіп келе жатқан ағзаға жағымды әсер ететін барлық ет топтарының жұмысқа қосылатындығын көрсетеді [2].

Адамның өсіп жетілуі үшін, тұрмыс-тіршілікте қажетті дағдыларды меңгеруде қимыл-қозғалыс ойындары үлкен маңызға ие. Сабакта және дербес жаттыққанда қозғалыс ойындарын, оның ішінде ұлттық халықтық ойындары қолдану арнайы үйрену міндеттерін шешуге көмектеседі.

Лагерлерде, саяхат кезінде, жорықтарда, далалықтарда өткізілетін ойындар деп аталатын ойындардың маңызы өте зор. Бұл қозғалыс ойындары әр түрлі табиғи кедергілерден өту, күш сынасу әрекеттерімен қатар, байқау және бағдарлау жаттығуларымен ұштастырылады. Ойнаушылар қыста және жазда табиғатпен тікелей қаушысу жағдайында көптеген қозғалыс дағдыларын мейлінше дұрыс және дәйекті түрде қолдануға, шеберлікті үйрене білуге дағдыланады.

Оқу құралында келтірілген ойындарды мазмұны мен күрделілігіне байланысты және балардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, төменгі, орта

және жоғары сынып оқушылары ойнайтын ойындар болса, мұғалімдердің өздері іріктеп, оқушыларға ұсынуға болады.

Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері мен осы саланың мамандарының кәдесіне жарар деп ұсынылып отырған осы құралда қазақтың ұлттық ойындары, оның ішінде бұрыннан белгілі және қазіргі кезеңге лайықталып дайындалған, соңғы кездері өмірге енген ойындар біршама беріліп отыр. Осылардан қажетті ойындарды тандап алу өтілетін сабақ не жаттығудың алдында тұрған педагогикалық міндеттерге байланысты. Сондықтан оны өткізу үшін тандап алынған әрбір ойынды жеткілікті түрде дәл бағалау қажет және сабақты мазмұнына қарай іріктеп алып пайдалануға кез келген дене тәрбиесі мұғалімінің мүмкіндігі бар.

Мұғалімдердің кәсіби даярлығында да білімді қалыптастыру, тәсілдері мен әдістерін қарастыру, оқу процессінде әр түрлі ұлттық халықтың ойындарды пайдалану мен дұрыс ұйымдастыруға оларды даярлау қажеттілігін қарастыру қажет. Жағымды нәтижелер мұғалімнің болашақ қызметінің объектісін дұрыс түсінуіне байланысты болмақ. Ал мұғалім қызметінің объектісі – тұтас педагогикалық процесс.

Арнайы спорт жабдықтары мен құрал-саймандарды көп қажет етпейтін қазақтың ұлттық ойындарының дене тәрбиесі сабағын жоғары әдістемелік деңгейде сапалы өткізудегі пайдасы мол.

Қай халықтың болсын оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипатамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру - қазіргі міндеттердің бірі.

Оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады.

Осымен байланысты бағдарлама халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, т.б. сол сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған.

Ойынды сабақта қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы. Бірақ оны жүргізуге арналған нақты әдістемелік құралдар жоқтың қасы. Зерттеу жұмысында орыс тілінде жазылған әдебиеттер қолданылды. Соның нәтижесінде қазіргі таңда тақырыптың өзектілігі туындап отыр. Халық педагогикасының адам, отбасы, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық пікірлер мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді. Ол тарихи даму барысындағы әлеуметтік мәні бар ақпаратта (білім, білік) т.б. жиналып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Ең

алдымен, халық педагогикасы өскелең ұрпақтың еңбек пен өмір сүру бейнесінің негізі болып, оларды келешектегі қызметіне дайындайды. [3]

Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар.

Этнограф – ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық әрекеттерінен бастау алады. Бұлардың көбісі мал шаруашылығына, аңшылыққа, жаугершілікке негізделген.

Ахмет Жүнісовтың айтуынша (Фәниден бақиға дейін, - Алматы: «Қайнар», 1994), «Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан – балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен». Ал енді, «Қазақстан Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған».

1. Аңға байланысты ойындар: ақсүйрек-көксүйрек, аңшылар, аңшылар мен қояндар, кірпіше қарғу, қас-құлақ, ордағы қасқыр.

2. Малға байланысты ойындар: аларман (қойға қасқыр шапты), асау көк, бура-қотан, көксиыр, соқыр-теке, түйе мен бота.

3. Түрлі заттармен ойналатын ойындар: ағаш аяқ, аққала, ақпа, ақсүйек, ақшымшық, алакүшік, алты-бақан, арқан аттау, арқан тартпақ, арқан тартыс, арынды арқан, асау мәстек, асық, аттамақ, ауыртаяқ, әйкел, әуетаяқ, батпырауық, белбеу соқ, белбеу тартыс, дауыстап атыңды айтам, епті жігіт, жаяу көкпар, жемекіл, жігіт қуу, жігіт ойыны, күзетшілер, күміс ілу, қамалды қорғау, қараше, қимақ, қыз қуу, лек (шөлдік), монданақ, орамал тастау, сақина жасыру, сиқырлы таяқ, тапшы, кімнің дауысы, таяқ жүгірту, тепе-теңдік, тобық, тұтқын алу, түйілген орамал, шалма, шертпек, шілдік, хал қалай?

4. Зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар: айгөлек, айдапсал, атқума, аударыспақ, бағана өрмелеу, балтам шап, бөріктастамақ, бұғнай, бұғыбай, бұқатартыс, бұрыш, біз де, егер..., жасырынбақ, жаяу жарыс, көкпар, көрші, күрес, қарамырза, қассың ба, доссың ба?, қындық-сандық, орын тап, отырмақ, санамақ, сұрақ-жауап, тасымақ, тасымалдау, тең көтеру, тымпитымпы, ұшты-ұшты, үй үстіндегі кім?, шымбике.

5. Соңғы кезде қалыптасқан ойындар: әріп таңдау, бригада, мейрамхана, нөмір, пароль, пошта, сымсыз телефон, сыңарын табу. Бұлардың ішінде

бірқатар ойындар спорттық, той ойындары болып саналады. Ал енді, қазақтың ұлттық ойындарының ішінде «қуырмаш» тәрізді жас сәбилерге арналған да ойындар бар. Біз енді қазақтың ұлттық ойындарының негізгілерін талдап, тарқатсақ. Ақсүйек. Қыз-бозбалалар оны жазғы айлы түнде ойнаған. Ойын бастаушы жылқының бақай сүйегін, ол болмаса қойдың жілігін, немесе жауырынын, жамбасын қолына алып, ойынға қатысушыларға көрсетіп, белгілеп алады да, ойыншыларды екі топқа бөліп, алысырақ барады да ақсүйекті лақтырып жібереді. Қай топтың ойыншылары ақсүйекті бірінші болып тапса, сол топ жеңген болып саналады. Сүйек еті мүжіліп, далада жатып күнге күйіп, әбден ағарған болуға тиісті. әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, ширықтырып, шынықтырады.[4]

Әдебиеттер:

1. Б.М.Мендалиев. Авторефераты. Алматы, 2009.
2. Е.Сағындықов. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы, Рауан, 1991.
3. С.Тайжанов, С.І.Қасымбекова. Қазақ ұлттық ойындары. Алматы, 2004. Т.Ш.Қуанышев.
4. Подготовка будущих учителей физической культуры национальных игр. Алма-Ата, 1992.